



**БЕКІТЕМІН**

Қазтұтынуодағы Қарағанды  
университетінің ректоры,

Ф.д., профессор  
Е.Б. Аймағамбетов




« 9 »

01

2022 ж.


**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін  
практиканы ұйымдастыру және өткізу  
Ережесі**

Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022

	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазғұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022	2 стр из 37

### Мазмұны

1.	Қолдану мақсаты мен саласы. Нормативтік сілтемелер	3
2.	Жауапкершілік және өкілеттіктер	3
3.	Жалпы ережелер	3
4.	Педагогикалық практика	7
5.	Зерттеу практикасы	9
6.	Өндірістік практика	10
7.	Шығару және тарату	13
8.	Сақтау	13
9.	Қосымшалар	15
	<i>1-қосымша</i> – Магистранттарды өндірістік практикадан өткізуге Шарт	15
	<i>2-қосымша</i> – <i>Докторанттарды ғылыми-зерттеу практикасынан өткізуге Шарт</i>	18
	<i>3-қосымша</i> – Практикаға жолдама	23
	<i>4-қосымша</i> – <i>Практикаға ұсыну</i>	24
	<i>5-қосымша</i> – 20__-20__ оқу жылында практикадан өту кестесі	25
	<i>6-қосымша</i> – Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесі	26
	<i>7-қосымша</i> – Практикадан өтудің күнделік-есебі	27
	<i>8-қосымша</i> – Жұмыс берушілер үшін сауалнама	30
	<i>9-қосымша</i> – Білім алушылардың практикадан өтуі туралы есептерді тіркеу журналы	35
	<i>10-қосымша</i> – Практика бойынша жазбаша есептің титулдық парағы	36
	<i>11-қосымша</i> – Өндірістік практиканы ұйымдастыру және одан өту сапасы туралы сауалнама	37
10.	Танысу парағы	40

	<b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b>	Нұсқа 1 2022
	<b>Қазтұғынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b>	3 стр из 37

### **1. Қолдану мақсаты мен саласы**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі – ережелер) Қазтұғынуодағы Қарағанды университетінде (бұдан әрі - Қазтұғынуодағы Қарағанды ҚарУ) магистранттар мен докторанттар үшін педагогикалық, өндірістік және зерттеу практикаларын ұйымдастыруды регламенттейді.

Осы Ережелер академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректорға, ғылыми-зерттеу және интеграциялық қызмет жөніндегі проректорға, жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің (бұдан әрі – ЖООКБД) директорына, факультет декандарына, СДД директорына, СҚ және АО директорына, COMPLETE және CASTLE жобалары бойынша Ресурс орталығының қызметкерлеріне, кафедралардағы практикаға жауапты даярлап шығарушы кафедралардың меңгерушілеріне, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Нормативтік сілтемелер:

1. 1. Қазақстан Республикасының 24.10.2011 жылғы № 487 "Білім туралы" Заңы
2. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері, ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген.
2. 2. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген.
3. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері, ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген.
4. "Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 17.06.2015 жылғы № 391 бұйрығы.
5. Қазтұғынуодағы Қарағанды университетінің Академиялық саясаты.

### **2. Жауапкершілік және өкілеттіктер**

Осы ережелердің орындалуына мыналар жауап береді: бітіртуші кафедралардың меңгерушілері, ЖООКБ директоры мен қызметкерлері, COMPLETE және CASTLE жобалары бойынша ресурстық орталықтың қызметкерлері.


ЖООКБД осы Ережелер талаптарының орындалуын бақылауға өкілетті.

### **3. Жалпы ережелер**

3.1. Ережелер барлық оқу мерзімі ішінде магистранттар мен докторанттардың практикаларын ұйымдастыру мен өткізуді регламенттейді.

3.2. Практикалардың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлерін қамтитын магистранттарды практикалық даярлау магистрлік бағдарламаның міндетті компоненті болып табылады және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге бағытталған.

3.3. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы практиканың екі түрін: педагогикалық және зерттеу практикасын қамтиды.

	<p align="center"><b>Жоғары оқу орнына кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b></p>	<p align="right">Нұсқа 1 2022</p>
<p align="center"><b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b></p>		<p align="right">4 стр из 37</p>

3.4. Бейінді магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтиды.

3.5. Докторантураның өндірістік практикасы:

1) философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін-педагогикалық және зерттеу практикасын;

2) бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практиканы қамтиды..

PhD докторантурадағы практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

3.6. PhD докторантурадағы практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

3.7. Практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны: ҚР МЖМБС, білім беру бағдарламасының мазмұны, оқу жұмыс жоспарлары және практика бағдарламалары арқылы анықталады.

3.8. Практиканың ұзақтығы 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат) бір апта ішінде практикадағы магистр/докторант жұмысының нормативтік жұмыс уақытына сүйене отырып, аптамен айқындалады. Апталардың санын есептеу үшін кредит пен практиканың көлемі оқу сағаттарындағы практиканың тиісті түрінің еңбек сыйымдылығына көбейтіледі және бір апта ішінде практикадағы магистр/докторант жұмысының ұзақтығына, яғни 30 сағатқа бөлінеді. Практиканың 1 кредитінің еңбек сыйымдылығы 30 сағатты (50 минуттан) құрайды. 1 кредитке практиканың ұзақтығы - 1 апта.

3.9. Білім алушылардың практикасын өткізу үшін база ретінде, қызмегі тиісті бейіннің білім беру бағдарламасы шеңберінде меңгерілетін кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.


3.8. Бейіндік бағыттағы магистранттардың өндірістік практикасын және PhD докторанттарының зерттеу практикасын сыртқары кәсіпорындарда ұйымдастыру Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті мен кәсіпорын (практика базасы) арасында жасалған шарт негізінде жүргізіледі. Магистранттардың өндірістік практикасын өткізу шартының нысаны 1-қосымшада ұсынылған. Докторанттардың өндірістік практикасын өткізу шартының нысаны 2-қосымшада ұсынылған. Практика базасы басшысының шарттың талаптарын түзетуге құқығы бар.

3.9. Практика базаларымен шарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалады.

3.10. Өндірістік/зерттеу практикасынан өтуге Шарт бір жылға және одан артық мерзімге жасалуы мүмкін.

3.12. Даярлап шығарушы кафедралардың практикасына жауаптылар шарттардың қолданылу мерзімдерін бақылауды жүзеге асыруы және уақтылы ұзартуы тиіс.

3.13. Практика базасы, белгілі бір ұйымға немесе мекемеге практикаға жіберілетін магистранттардың/докторанттардың санын практикадан өту орны бойынша ұйымдарда орындардың болуына байланысты шарттарға сәйкес даярлап шығарушы кафедра айқындайды.

	<b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b>	Нұсқа 1 2022
<b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b>		5 стр из 37

3.14. Студенттерді практиканың барлық түрлеріне жіберу Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті ректорының бұйрығымен ресімделеді, онда өту мерзімі, практика базасы, практика жетекшісі және келісімшарт нөмірі көрсетіледі.

3.15. Жоғарыда баяндалған бұйрық негізінде білім алушыға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша практикаға жолдама беріледі.

3.16 Практика базаларымен жасалған шарттар COMPLETE және SACTLE жобалары бойынша ресурстық орталықта тіркелуге жатады. Даярлап шығаратын кафедраның практикасына жауапты тұлға тіркеу үшін ресурстық орталыққа жаңа және ұзартылған шарттарды ұсынады, бұл ретте шарттың тіркеу нөмірі бұйрыққа ұсыныста және магистранттарды/докторанттарды практикаға жіберу туралы бұйрықта көрсетіледі (4-қосымша).

3.17. Шарттың түпнұсқасы даярлап шығарушы кафедрада, шарттың көшірмесі – COMPLETE және SACTLE жобалары бойынша ресурстық орталықта сақталады.

3.18. ЖООКБД қызметкері магистранттарды/докторанттарды практикаға жіберу туралы бұйрықтарға сәйкес "Платонус" электрондық жүйесін толтырады.

3.19. Университеттің практика жетекшілері ретінде магистрлік/докторлық диссертациялар/жобалардың ғылыми жетекшілері қызмет атқарады.

3.20. Практиканың әрбір түрінен өту алдында кафедра бойынша практикаға жауапты тұлға магистранттармен / докторанттармен кездесуді ұйымдастырады және өткізеді, онда практиканы ұйымдастыру және өту мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Кездесу қорытындысы магистранттарды / докторанттарды ақпараттандыру бойынша жүргізілген жұмыстар туралы хаттамамен ресімделеді.

3.21. Практиканы өткізу үшін практикадан өту кестесі (5-қосымша), практиканың жұмыс жоспар-кестесі (6-қосымша) бекітіледі.

3.22. Практикаға жіберілген кезде білім алушыға: практикаға жолдама, практика бағдарламасы, жұмыс жоспар-кестесі және практикадан өту туралы күнделік-есеп 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

3.23. Магистранттарға / докторанттарға практикаға құжаттар топтамасын беруді даярлап шығарушы кафедра жүзеге асырады.


3.24. Өндірістік практикаға теориялық курсты бітірген, пәндер бойынша берешегі және оқу үшін төлем берешегі жоқ (ақылы негізде оқыған кезде) бейіндік оқу бағытының магистранттары жіберіледі.

3.25. Практика жетекшілері ретінде университеттен магистранттардың/докторанттардың ғылыми жетекшілері тағайындалады.

3.26. Университеттен практика жетекшісі магистранттардың/докторанттардың практикадан өту мониторингін жүзеге асырады.

3.27. Практикадан өту нәтижелері аралық аттестаттау өткізу арқылы бағаланады. Практика бойынша аралық аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері немесе дәлелді себептер болмаған кезде практика бойынша аралық аттестаттаудан өтпеу академиялық берешек деп танылады. Практика бойынша академиялық қарызы бар білім алушы қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге қалдырылуы мүмкін.

3.28. Жазғы семестрге практика бағдарламасын орындай алмағандар ретінде қалдырылған білім алушылар келесі академиялық кезеңде практикаға қайта

	<p align="center"><b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b></p>	<p align="right">Нұсқа 1 2022</p>
<p align="center"><b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b></p>		<p align="right">6 стр из 37</p>

жіберіледі, бұл ретте практиканың ұзақтығы еңбек сыйымдылығының нормаларына сәйкес түзетіледі.

3.29. Практика бағдарламаларын дәлелді себептермен орындамаған білім алушылар практиканы жеке тәртіппен өтеді.

3.30. Даярлап шығарушы кафедралар магистранттардың / докторанттардың кәсіптік практикасының бағдарламаларын әзірлейді.

3.31. Практикалардың барлық түрлерінің бағдарламалары академиялық комитеттің отырыстарында талқыланады және бекітіледі.

3.32. Практика бағдарламалары мезгіл-мезгіл жаңартылып отырады. Практика бағдарламаларын жаңарту үшін мыналар негіз бола алады: 1) академиялық комитеттің және/немесе практика жетекшілері мен жұмыс берушілердің бастамасы мен ұсыныстары; 2) бағдарламаның сапасын бағалау нәтижелері; 3) практиканы ұйымдастыру және өту сапасы туралы магистранттарға/докторанттарға әлеуметтік сауалнама нәтижелері; 4) білім беру бағдарламасын өзектендіру.

3.33. Практика бағдарламасы өзінің мазмұны бойынша білім беру бағдарламасының бейінін, практика түрінің ерекшелігін, кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламасының талаптарын, ұйым қызметінің, технологиялық процестің және практика объектісінің сипатын көрсетеді.

3.34. Магистранттар/докторанттар практикасының бағдарламасы оқу-әдістемелік құжат болып табылады және практиканың әрбір түрі үшін жеке әзірленеді

Практика бағдарламасында мыналар көрініс табуы тиіс:

- практика мақсаттары мен міндеттері;
- практика мазмұны;
- практиканы ұйымдастыру;
- есеп жасау бойынша әдістемелік нұсқау (есеп мазмұнына қойылатын талаптар, бөлімдер саны және олардың мазмұны, рәсімдеу ережелері, қаріп және т. б.);
- практика қорытындыларын шығару.


3.35. Магистрант / докторант практиканың әрбір түрінің қорытындысы бойынша практика аяқталғаннан кейін бір апта мерзімде бітіруші кафедраға есеп береді. Есептерді құрастырудың әдістемелік нұсқаулары практика бағдарламаларында егжей-тегжейлі жазылуы керек.

3.36. Есепті практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижелері бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Практика бойынша қорытынды баға практика жетекшісінің кәсіпорыннан берген бағасы (40%) және педагогикалық, зерттеу және өндірістік практика үшін - есепті қорғау жөніндегі комиссияның берген бағасы (60%) сомасы ретінде айқындалады.

3.37. Комиссия құрамына мыналар кіреді:

- зерттеу практикасы бойынша – ғылыми жетекшілер/консультанттар, кафедра меңгерушісі, ҒЗИ директоры және т. б. қатарынан кемінде 3 адам;
- педагогикалық практика бойынша – ғылыми жетекшілер/кеңесшілер, кафедра меңгерушісі, педагогика және психология бойынша әдіскер және т. б. қатарынан кемінде 3 адам;
- өндірістік практика бойынша-ғылыми жетекшілер, кафедра меңгерушісі және

	<b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b>	Нұсқа 1 2022
	<b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b>	7 стр из 37

т. б. қатарынан кемінде 3 адам.

3.38. Комиссия мүшелерінің қойылған бағалары мен қолдары қойылған практикадан өту есептері істер номенклатурасына сәйкес бітіруші кафедраларда сақталады.

3.39. Практика жөніндегі ведомстар комиссияның құрамы туралы өкіммен бірге баға қойылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей ЖООКБД-не беріледі.

#### **4. Педагогикалық практика**

4.1. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар мен PhD докторанттар педагогикалық практикадан өтеді.

4.2. Педагогикалық практика оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Оның мазмұны теориялық білімді іске асыруға және білім алушылар тобымен жұмыс істеудің практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруге және жоғары білікті мамандардың кәсіби даярлығының сапасын арттыруға бағытталған.

Магистранттар бакалавриатта, докторанттар бакалавриатта және магистратурада сабақ өткізуге тартылуы мүмкін.

4.3. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурадағы педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

- оқытылатын ғылымның ерекшелігін ескере отырып, оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын қолдануға үйрету;
- білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін, олардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау біліктерін бекіту;
- білім алушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық іскерліктерін қалыптастыру;
- университеттің болашақ оқытушысының кәсіби маңызды жеке қасиеттерін дамыту.

4.4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың білім беру бағдарламасына сәйкес университеттің бітіруші кафедралары педагогикалық практикадан өту орны (базалары) болып табылады.

4.5. Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен қол үзбей өткізілуі мүмкін.

4.6. Білім алушылардың педагогикалық практикасы "Психология, педагогика және әлеуметтік жұмыс" кафедрасында әзірленген және бекітілген педагогикалық практика бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

4.7. Білім алушылардың педагогикалық практикасы бітіруші кафедраның бекітілген басшысының және педагогика және психология бойынша әдіскердің бақылауымен жүргізіледі.

4.8. Педагогикалық практиканы кафедраның практика жетекшісі педагогика және психология бойынша әдіскермен бірлесіп, білім алушы ұсынған есеп негізінде бағалайды, оның мазмұны мен құрылымы педагогикалық практика бағдарламасында ашылады.



#### 4.9. Практика жетекшісі:

- практика басталғанға дейін магистранттар/докторанттарды практикаға қажетті даярлауды ұйымдастыру, педагогикалық практика бағдарламасына, педагогикалық практиканың жұмыс жоспары-кестесіне сәйкес консультациялар өткізуге;
- практикадан өтуіне мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;
- қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалар өткізе отырып) және қажет болған жағдайларда қауіпсіз еңбек әдістеріне оқытуды жүргізуге;
- білім алушылардың практикадан өту күнделіктерін толтыруын тексеруді жүргізуге;
- практиканы аяқтағаннан кейін әрбір практиканттың жұмысы туралы жазбаша сипаттама беруге (7-қосымша, 4-нысан);
- практика бойынша магистранттардың/докторанттардың есептерін тексеруге;
- практикантқа баға беруге, оның үлес салмағы қорытынды бағаның 40% - ын құрайды (7-қосымша, 5-нысан);
- жұмыс берушілер үшін сауалнама толтыруға (8-қосымша);
- комиссиямен бірлесіп магистрлердің/докторанттардың педагогикалық практикадан өткені туралы есебін қорғау қабылдауын жүргізуге міндетті.

#### 4.10. Педагогика және психология жөніндегі әдіскер:


- практика жетекшісімен бірлесіп практиканттармен ұйымдастырушылық, дидактикалық, әдістемелік, тәрбие жұмысын жүзеге асырады;
- практиканттарға кәсіптік-педагогикалық қызметке бейімделу мәселелері бойынша; аудиториялық және аудиториядан тыс жұмыстарға дайындық бойынша; педагогикалық процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынас құру; студенттік ұжымды/магистранттар ұжымын зерделеу бағдарламасын әзірлеу, білім алушының жеке психологиялық ерекшеліктері бойынша консультация береді;
- магистранттардың/докторанттардың тәрбие жұмысын талдайды, бақылайды және бағалайды;
- практика жетекшісімен бірге оқу сабақтары мен аудиториядан тыс іс-шараларға қатысады, талдайды, бағалайды;
- практиканың қорытындысын шығаруға және практиканттың қызметін бағалауға қатысады.

#### 4.11. Магистрант/докторант практикадан өту кезінде:

- педагогикалық практикадан өтудің жеке жоспарын әзірлеуге, оның бекітілуін алуға;
- педагогикалық практикадан өтудің технологиялық картасында көзделген барлық жұмыс түрлерін жеке жоспарда көрсетілген мерзімде орындауға;
- практикадан өту базасында қолданыстағы ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға;
- практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуге (7-қосымша, 1,2,3-нысандар) тиіс.

4.12. Практика қорытындылары бойынша білім алушылар кафедраға педагогикалық практикадан өту туралы есепті ұсынады, ол студенттердің кәсіптік



	<p align="center"><b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b></p>	<p align="center">Нұсқа 1 2022</p>
<p align="center"><b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b></p>		<p align="center">9 стр из 37</p>

практикадан өтуі туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында (9-қосымша) тіркеледі және практика жетекшісі тексереді.

Практика бойынша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі 10-қосымшада берілген. Есептің мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар педагогикалық практика бағдарламасында көрсетілген.

## **5. Зерттеу практикасы**

5.1. Зерттеу практикасы ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның және PhD докторантураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

5.2 Магистранттың / докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерімен, диссертациялық зерттеудегі эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу мақсатында жүргізіледі.

### **5.3 Зерттеу практикасының негізгі міндеттері:**

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша пәндерді оқу процесінде білім алушылардың алған білімдерін, машықтары мен дағдыларын бекіту;

- кәсіби салада өзіндік ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру;

- білім алушылардың ғылыми зерттеудің заманауи әдіснамасын зерделеуі;

- ғылыми ақпаратты жинау, талдау және өңдеудің заманауи әдістерін зерттеу, зерттеудің оңтайлы әдістерін тандау;

- зерттеу жүргізу және эмпирикалық материалдарды жинау үшін құралдарды құрастыруға оқыту;

- қазіргі заманғы ғылым әдіснамасына сәйкес білім алушыларға ғылыми зерттеу жүргізуді ұйымдастыру, ғылыми зерттеу жүргізудегі кезенділік пен логиканы сақтау;

- білім алушылардың ғылыми зерттеу жүргізуге шығармашылық көзқарасын жандандыру және ынталандыру;


- семинарлар мен ғылыми конференцияларда есептер, жарияланымдар, баяндамалар түрінде алынған нәтижелерді жазбаша және ауызша коммуникацияларды меңгеру;

- көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

5.4 Магистранттардың зерттеу практикасы Қазтұтынуодағы ҚарУ-дің ЭҚЗ ФЗИ-да жүргізіледі.

5.5 Докторанттардың зерттеу практикасы жасалған шарттарға сәйкес практика базаларында жүргізіледі. Докторанттардың зерттеу практикасын өткізуге арналған базалар болып қызметі білім беру бағдарламасының бейіні мен талаптарына сәйкес келетін, зерттеу практикасына басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

5.6 Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

	<b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b>	Нұсқа 1 2022
	<b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b>	10 стр из 37

5.7 Білім алушылардың зерттеу практикасына басшылықты білім алушының диссертациясының ғылыми жетекшісі және практика орнынан жетекші жүзеге асырады.

5.8 Магистрант/докторант зерттеу практикасынан өту кезінде:

- практикадан өтуге белгіленген мерзімде практика базасының карамағына келуге;

- зерттеу практикасының бағдарламасын және зерттеу практикасының жұмыс жоспар-кестесін толық орындауға (6-қосымша);

- практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуге (7-қосымша, 1-нысан) тиіс, оған:

- күнделіктің мазмұны (7-қосымша, 3-нысан) - практика кезінде білім алушы орындаған күнделікті жұмыстың сипаттамасы кіреді;

- еңбек тәртібі ережелерін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік машыктану орнында өндірістік тәртіптемені сақтауға;

- университеттің практика жетекшісіне зерттеу тәжірибесінен өту туралы құжаттар пакетін:

- практика базасының басшысы қол қойған барлық тапсырмаларды орындау туралы күнделік-есепті;

- жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнаманы (8-қосымша);

- практика бағдарламасының орындалуын көрсететін практика туралы жазбаша есепті ұсынуға (Практика бойынша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі 10-қосымшада берілген. Есептің мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар зерттеу практикасы бағдарламасында жазылған);

- ұйымның сапасы және практикадан өту туралы сауалнаманы толтыруға тиіс (11-қосымша).

5.9 Практика қорытындылары бойынша білім алушылар кафедраға зерттеу практикасынан өткендігі туралы есепті ұсынады, ол білім алушылардың практикадан өткендігі туралы есептерді тіркеудің электрондық журналында (9-қосымша) тіркеледі және оны практика жетекшісі растайды.

## **6. Өндірістік практика**

6.1. Өндірістік практика бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

6.2. Өндірістік практика оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту, оқытылатын магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін алу, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында жүргізіледі.

6.3. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- 1) білім беру бағдарламасының бейіні бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;

- 2) теориялық білімді бекіту және осы негізде кәсіби дағдыларды, біліктер мен құзыреттерді қалыптастыру;

- 3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;

	<p align="center"><b>Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі</b></p>	<p align="center">Нұсқа 1 2022</p>
<p align="center"><b>Қазтұтынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022</b></p>		<p align="center">11 стр из 37</p>

4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе алу;  
5) командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару қағидаттарының құзыреттерін игеру;

6) магистрлік жобаның эксперименттік бөлігін жазу үшін практикалық материалдарды жинау.

6.4. Білім алушылардың өндірістік практикасын өткізуге арналған базалар болып қызметі білім беру бағдарламасының бейіні мен талаптарына сәйкес келетін, өндірістік практикаға басшылықты жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

6.5. Өндірістік практиканың ұзақтығы білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес айқындалады.

6.6. Бейіндік бағыттағы магистранттардың өндірістік практикасы 2-ші семестрде өткізіледі.

6.7. Білім алушыларды өндірістік практикаға жіберу өту мерзімі, базасы, практика жетекшісі және шарт нөмірі көрсетіле отырып, ректордың бұйрығымен ресімделеді, ол кафедраның ұсынымы негізінде жасалады (*7-қосымша*).

6.8. Өндірістік практика бағдарламасын даярлап шығарушы кафедра білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес әзірлейді және білім алушыларда кәсіптік маңызы бар дағдыларды дамытуға және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

6.9. Өндірістік практиканың мазмұны магистранттың жобалық зерттеу тақырыбымен анықталады.

6.10. Университеттен практика жетекшісі:

- практика басталғанға дейін магистранттардың практикаға қажетті дайындығын ұйымдастыруға, өндірістік практика бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізуге;

- практиканың бағдарламасына сәйкес өндірістік практиканың жұмыс жоспар-кестесін әзірлеуге (*6-қосымша*), оны кәсіпорын-практика базасының жетекшісімен келісуге;

- магистрантты Шартта көрсетілген, оның міндеттерімен таныстыруға;

- өндірістік практикаға жіберген кезде білім алушыға өндірістік практиканың жұмыс жоспар-кестесін, өндірістік практикадан өту туралы күнделік-есепті (*7-қосымша*) беруге;

- практикадан өтуіне мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;

- білім алушының еңбек тәртібін, практика базасының қызметкерлері үшін міндетті ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;

- білім алушылардың практикадан өту күнделіктерін толтыруын тексеруге;

- қажет болған жағдайда кәсіпорын-база практикасының қызметкерлеріне өндірістік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсетуге;

- практика бойынша магистранттардың есептеріне тексеру жүргізуге;

- комиссиямен бірлесіп магистранттың өндірістік практикадан өтуі туралы есебін қорғау қабылдауын жүргізуге міндетті.

6.11. Кәсіпорыннан практика жетекшісі:




- білім алушының практикасын жасалған шарт негізінде ұйымдастыруға;
- білім алушыға бағдарламаға сәйкес практика орнын беруге;
- практика бағдарламасына, өндірістік практиканың жұмыс жоспары-кестесіне сәйкес практиканттарға білікті басшылықты жүзеге асыруға;
  - (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамаларды өткізе отырып) білім алушыны қауіпсіз жұмыс жағдайымен қамтамасыз етуге және қажет болған жағдайларда білім алушыны еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуды жүргізуге;
  - практиканттарға қажетті түсіндірулер беруге және олардың жұмысты уақтылы және сапалы орындауын талап етуге;
  - практикантқа баға қоюға, оның үлес салмағы қорытынды бағаның 40% - ын құрайды (1-қосымша, 5-нысан);
  - практиканы аяқтағаннан кейін әрбір практиканттың жұмысы туралы жазбаша сипаттама беруге (1-қосымша, 4-нысан);
  - жұмыс берушілер үшін сауалнама толтыруға (8-қосымша) міндетті.

#### 6.12. Магистрант өндірістік практикадан өту кезінде:

- практикадан өтуге белгіленген мерзімде практика базасының қарамағына келуге;
  - өндірістік практика бағдарламасын және өндірістік практиканың жұмыс жоспар-кестесін толық орындауға (6-қосымша);
  - практикадан өту туралы күнделік-есеп жүргізуге (7-қосымша, 1-нысан) тиіс, оған мыналар кіреді:
    - практика базасы мен басшылары туралы жалпы мәліметтер (7-қосымша, 2-нысан);
    - күнделіктің мазмұны (7-қосымша, 3-нысан) - кәсіпорынның практика жетекшісі қол қойған практика уақытында білім алушы орындаған күнделікті жұмыстың сипаттамасы;
    - тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы ережелерін және өндірістік машықтану орнында өндірістік тәртіптемені сақтауға;
    - университеттің практика жетекшісіне өндірістік практикадан өту туралы құжаттар пакетін:
      - өндірістік практикаға жолдамаға "келу және кету туралы белгіні";
      - практика базасының басшысы қол қойған барлық тапсырмаларды орындау туралы күнделік-есепті;
      - жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнаманы (8-қосымша);
      - практика бағдарламасының орындалуын көрсететін практика туралы жазбаша есепті ұсынуға. (Өндірістік практика бойынша есептің титулдық парағын ресімдеу үлгісі 10-қосымшада ұсынылған. Есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар өндірістік практика бағдарламасында жазылған).
- практиканың ұйымдастырылу және өту сапасы тура сауалнаманы толтыруға тиіс (11-қосымша).

6.13. Практика қорытындылары бойынша білім алушылар кафедраға есеп береді, ол білім алушылардың кәсіптік практикадан өткені туралы есептерді тіркеудің элек-

	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережесі	Нұсқа 1 2022
	Қазтұғынуодағы ҚарУ-ПРВ-11-2022	13 стр из 37

трондық журналында (9-қосымша) тіркеледі және оны Қазтұғынуодағы Қарағанды университетінің практика жетекшісі тексереді.

6.14. Практика аяқталғаннан кейін магистранттардың практикасын ұйымдастыруға кафедраның жауапты адамы COMPLETE және CASTLE жобалары бойынша ресурстық орталыққа:

- жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнаманы (8-қосымша);
- өндірістік практиканың ұйымдастырылу және өту сапасы туралы толтырылған сауалнаманы (11-қосымша) тапсыруы тиіс.

## 7. Шығару және тарату


7.1 Ереженің көшірмесін шығаруды және таратуды ЖООКБД қамтамасыз етеді.

7.2 Ереженің көшірмесі даярлап шығаратын кафедраларға және Университеттің ЭҚЗ ҒЗИ-на жіберілуі тиіс.

## 8. Сақтау

8.1 Ереженің түпнұсқасы ЖООКБД-де, ал көшірмесі СҚ және АО-да сақталады.


### ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

ЖООКБД директоры, э.ғ.к., доцент  
  
 \_\_\_\_\_ О.А.Тян

Бас маман

  
 \_\_\_\_\_ Г.М.Қалқабаева

### КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми-зерттеу және  
 инновациялық қызмет жөніндегі проректор,  
 э.ғ.д., профессор  
  
 \_\_\_\_\_ Г.Е. Накипова

КБД директоры

  
 \_\_\_\_\_ Ю.Н.Еремин

СҚ және АО директоры,  
 э.ғ.к., доцент

  
 \_\_\_\_\_ Д.Г.Кудикенова



### 9. Қосымшалар

#### 1-қосымша – Магистранттардың өндірістік практикасын өткізуге арналған Шарт

**ДОГОВОР**  
на проведение производственной практики

Карғанды «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

НУ «Қарағандық университеті» ҚАЗТҰТ (ПРЕСОВОДА), именованной в дальнейшем: ВУЗ, в лице ректора д.д.д. профессора **Е.Б. Абылғалиева**, действующего на основании Устава, с одной стороны

**\_\_\_\_\_** в дальнейшем: Предприятие, в лице \_\_\_\_\_

согласились на основании \_\_\_\_\_ с \_\_\_\_\_ стороны, в соответствии с действующими законодательством Республики Казахстан, заключить настоящий договор о нижеследующем

**1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА**

1.1 ВУЗ направляет для прохождения практики Обучающегося, по образовательной программе \_\_\_\_\_

1.2 Предприятие обеспечивает Обучающегося базой производственной практики в соответствии с профилем образовательной программы.

1.3 Обучающийся осваивает образовательную программу с целью получения квалификационной профессиональной компетенции, позволяющей квалифицированно выполнять производственные функции и задачи.

**2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН**

**2.1. ВУЗ обязан:**

- 1) организовать проведение производственной практики Обучающегося в соответствии с образовательной программой и учебными заданиями;
- 2) ознакомить Обучающегося с его обязанностями и ответственностью, установленными в настоящем Договоре;
- 3) разработать программу производственной практики и обеспечить наличие необходимой производственной практики;
- 4) гарантировать наличие фактора руководящих практикующих специалистов.

**2.2. Для предприятия на производственной практике обучающегося:**

- 1) обеспечить соблюдение Обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего распорядка, обязательных для работников в данном предприятии;
- 2) осуществлять периодический контроль за выполнением Обучающимся производственной практики;
- 3) оказывать рабочим предприятия методическую помощь в организации и проведении производственной практики;
- 4) при необходимости предоставлять производственные обучающиеся задания;
- 5) принимать участие в расследовании несчастных случаев, в случаях, если они произошли с участием обучающегося в период прохождения практики.

**2.3 ВУЗ имеет право:**

- 1) расторгнуть Договор в одностороннем порядке;
- 2) привлечь Обучающегося к добросовестному и качественному исполнению обязанностей в соответствии с настоящим Договором и Правилами внутреннего распорядка, обязательными для работников предприятия - базы практики.

**2.4. Обучающийся обязывается:**

- 1) приехать по направлению на профессиональную практику Обучающегося в соответствии с условиями настоящего договора

**Өндірістік тақрир етуге арналған ШАРТ**

Қарағандық «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ Қарағандық университеті ЖМ, оған әрі ЖОО деп аталады, бірінші тараптан. Жұмыс жасағанды өзімен бірге, уақыт, ә.ғ.д. профессор Е.Б. Абылғалиева арасынан және екінші тараптан

**1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1 ЖОО білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының тақрир етуі үшін жібереді

*(білім беру бағдарламасының атауы)*

1.2 Кәсіпорны білім алушыларды білім беру бағдарламасымен негізіне саймақ өндірістік практика бағдарламасымен ұстау

1.3 Білім алушы өндірістік функциялар мен міндеттерді білім орандағы ішкіліктері беріп негізін және қосымша құрастырып алу мақсатында білім беру бағдарламасымен ұстау

**2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**2.1. ЖОО өкілетті:**

- 1) Білімгердің өндірістік тақрир етуін білім беру бағдарламасына және академиялық күштегіне саймақ жүзеге асыруға;
- 2) Білімгердің осы Шартта көрсетілген оның міндеттерімен және жауапкершілігімен таныстыруға;
- 3) өндірістік тақрир ету бағдарламасы мен өндірістік тақрир ету арқылы жоғары-кәсіптік әзірлеуге;
- 4) білім беру ұйымының тиісті мамандықтар оқушыларының қатарынан ректор бұйрығымен тақрир етуге алушының тақрир етуге;
- 5) өндірістік тақрир ету жасау кезінде Білімгерге өндірістік тақрир ету арқылы жоғары-кәсіптік өндірістік тақрир етуге өту туралы құжатпен-сәтті беруге;
- 6) Білімгердің аталық кәсіпорнының жұмыстары үшін міндетті емшек терісін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге;
- 7) Білімгердің өндірістік тақрир етуге етуіне мерзімді мақсатына жүзеге асыруға;
- 8) кәсіпорнының жұмыстарымен (қалам-жұмыстары) өндірістік тақрир ету арқылы мақсатына және өзімен бірге әдістемелік және қарастуға;
- 9) және болған кезде кәсіпорныға білімгердің оқуына негізделгені туралы мәлімет беруге;
- 10) тақрир ету кезінде білім алушының қажетсіз болмай мақсатына оңалғандығы туралы мақсатына

**2.2 ЖОО құқығы бар:**

- 1) Шартты біржақты тәртіпте бұзуда;
- 2) Білімгердің міндеттері осы Шартта және тақрир ету бағдарламасына сәйкес келмейтін жұмыстарды (қызметтерді) үшін міндетті, ішкі тәртіп Ережелерін саймақ алап және мәлімет негізінде орындауға заңал етуге

Бұқаралықтан Студенттің практикасы туралы ақпарат беруге.

4) тақрир етуін бақылау мақсатында Кәсіпорны Бөлімшелеріне бару

**2.3 Кәсіпорны міндет теменді:**

- 1) жолдыма бойынша Білімгерді осы шартты талаптарымен саймақ өндірістік тақрир етуге қабылдауға;
- 2) Білімгерді кәсіптік арқымен (техника кәсіпшілігі мен білімді) құраудың міндетті құқықтарымен өзіне олардың мақсатына етуге және мәлімет тақрир етуде білімгерді кәсіптік шығарып алуға;



2) обеспечить обучающихся условиями безопасной работы (в производстве) обязательных инструкций по технике безопасности и охране труда) и в необходимых случаях проводить обучение обучающегося безопасным методам труда;

3) не допускать использования Обучающегося на должностях, не предусмотренных программой практики и не имеющих отношения к специальности обучающегося;

4) обеспечить предоставление квалифицированными специалистами для руководства производственной практикой Обучающегося в подразделении (отделе) цеха, лабораторий (кабинетов);

5) содействовать в любом случае нарушению Обучающегося трудовой дисциплины и правил внутреннего распорядка предприятия;

6) создать необходимые условия для выполнения Обучающимся программы производственной практики с предоставлением возможности пользования лабораториями, кабинетами, мастерскими, библиотеками, чертёжными, технической и другой документацией, необходимыми для успешного освоения обучающимся программы производственной практики и выполнения ими индивидуальных заданий;

7) по окончании производственной практики выдать характеристику о работе Обучающегося и выдать ему документ, подтверждающий практику в дневнике практики.

**2.4 Права обучающегося:**

1) участвовать в разработке программы производственной практики в соответствии с новыми технологиями и изменениями условий производственного процесса;

2) предлагать тем же мастерам работ в соответствии с потребностями предприятия;

3) принимать участие в итоговой аттестации обучающихся;

4) запрашивать информацию о текущей успеваемости обучающихся;

5) требовать от организации образования качественного обучения обучающихся в соответствии с ожиданиями работодателя;

6) обеспечивать безопасность работы Обучающегося и не наносить ему вреда, причиняемого другими лицами, если практика не проводится в полном объеме;

7) рассмотреть кандидатуру выпускника для практики на работу в соответствии с полученной специализацией при наличии соответствующей вакансии.

**2.5 Обучающийся обязан:**

1) соблюдать трудовую дисциплину, правила внутреннего распорядка, правила техники безопасности производственной практики на месте производственной практики, обязательные для работников предприятия;

2) бережно относиться к оборудованию, приборам, документации и другому имуществу предприятия;

3) строго соблюдать и исполнять требования программы практики;

4) приехать в распоряжение предприятия в установленное время на протяжении практики;

5) не разглашать конфиденциальную информацию о предприятии в процессе прохождения практики и после его завершения.

**2.6 Обучающийся имеет право:**

1) пользоваться необходимыми инструментами, оборудованием, приборами и другими производственными средствами, по согласованию с руководителем назначенной практики, иметь свободный доступ и пользование фондами учебной, учебно-методической литературы на базе библиотек и читальных залов, лабораторной базы, мастерской и иной технической и учебной базы;

2) на возмещение вреда, причиненного здоровью в процессе прохождения производственной подготовки;

3) после завершения производственной подготовки и успешного прохождения итоговой аттестации продолжать работу по полученной квалификации на предприятии, при наличии вакансии;

**3. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН**

3) Билимгерді, тәжірибелі бағдарламалыққа көзделген және билимгердің бағдарламасына кітәсімі жоқ тауақаларға лайықпенді әзірлемеге;

4) Билимгердің бөлімшелеріне (бөлімдеріне, кабинеттеріне, кабинеттеріне және т.б.) өндірістік тәжірибеден өтуіне қатысты жасауға үшін білікті мамандар беруді қамтамасыз етуге;

5) Билимгердің еңбек тәртібі мен кәсіпорнының ішкі тәртібі ережелерін бұзғанына бұйып қағайларға туралы ЖОО-нің жауап беруіне;

6) Билимгер өндірістік тәжірибе бағдарламаларын ойдағыдай өтуге және оның жаңа тәсірлерін орындауға үшін және өзгерістерін, қиыншылықтарды, шеберханаларды, кабинеттерін, кабинеттерін, кабинеттерін және өзге де құжаттамаларды дайындау мүмкіндігін бере отырып, билимгердің өндірістік тәжірибесін орындауына қажетті жағдайлар жасауға;

7) өндірістік тәжірибесін аяқтаған кейін Билимгердің адрасы туралы міндетпен беруге және тәжірибеден өту сапасына ауыспалы баға қоюға.

**2.4 Кәсіпорын құрамы бар:**

1) жаңа технологиялар және өндірістік үдерістің өзгеруін қадағалауына сәйкес өндірістік тәжірибесін білім беру бағдарламаларын өзгертуді қамтамасыз етуге;

2) магистрдің жұмыстарын тәсірлерімен кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес ұсынуға;

3) билимгерді қорқытпай аттестатқа қатысуға;

4) билимгердің адрасына үдеріс туралы ақпаратты құрауға;

5) білім беру ұйымына, адрасы бұрынғы бағамдарына сәйкес, билимгерді сапалы оқытуға талап етуге;

6) білім алушының жұмысын осыған дейін берілген және өзге практика туралы мәліметке ақпаратпен, практикалық ақпаратқа баға берілгенге;

7) тиісті бос қызмет орындары болған кезде алған мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін, тұлғаның кандидатурасын қарауға.

**2.5 Билимгер міндетті:**

1) өндірістік тәжірибеден өтетін орында, кәсіпорын адрасымен (қызметкерлер) үшін міндетпен еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасы және өндірістік тәртіп ережелерін сақтауға;

2) кәсіпорынның жабылып, аспаптары, құжаттамалары және өзге де мүлікпен айналырдымен қарауға;

3) тәжірибе бағдарламаларының талаптарына қатаң сақтауға және орындауға;

4) тәжірибеден өту үшін бәлімгердің міндетпен кәсіпорынның қарауына қатысуға;

5) тәжірибеден өту үдерісінде және оны аяқтаған кейін кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етуге.

**2.6 Билимгер құрамы бар:**

1) кәсіпорынның адрасымен бәлімгермен қатысты бойынша қажетті құралдарды, жағдайларды, аспаптар мен өзге де өндірістік материалдарды пайдалануға, ақпарат және оқу құралдары бағамына оқу, оқу-ағартушылық әдістер қоры, өзгерістерін бағам және өзге де техникалық оқу материалды пайдалануға және оған еркін қолжетімділігіне ие болуға;

2) өндірістік дәрісханадан өту үдерісінде дәрісхана кәсіпорынның міндетпен өтетінге;

3) өндірістік дәрісхана қорытынды аттестатпен өткеннен кейін, бос қызмет орындары болған кезде, алған біліктілігі бойынша кәсіпорында жұмысқа қабылдатуға.

**3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПШЕРЛІГІ**

3.1 Осы Шарпта көрсеткен өзінші міндеттерін орындамаған, қажетті деңгейде орындамағаны үшін, тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жауапкершілігіне көсетеді.

**4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**



3.1. Да неистолнения, либо невыполнения исполнения своих обязательств, предусмотренных настоящим Договором, стороны несут ответственность, установленную действующим законодательством Республики Казахстан

**4. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ**

4.1 Разногласия и споры, возникающие в процессе выполнения настоящего Договора, разрешаются на добровольной основе путем взаимных переговоров.

4.2 В случае, не разрешенные сторонами путем переговоров разногласия, взаимонеприемлемых решений, разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан

**5. СРОК ДЕЙСТВИЯ, ПОРЯДОК ИЗМЕНЕНИЯ УСЛОВИЙ ДОГОВОРА И ЕГО РАСТОЖЕНИЕ**

5.1 Настоящий договор вступает в силу со дня его подписания обеими Сторонами и действует до \_\_\_\_\_ года

5.2 Условья настоящего Договора могут быть изменены и дополнены по взаимному письменному соглашению сторон

5.3 Настоящий Договор может быть расторгнут с письменного уведомления одной из сторон и направляет свое действие по истечении двух месяцев со дня направления другой Стороной уведомления о расторжении договора

5.4 Настоящий Договор заключается в двух экземплярах, по одному экземпляру для каждой Стороны на государственном и русском языках имеющих одинаковую юридическую силу

5.5 Юридические адреса и банковские реквизиты Сторон:

**ЖОО  
ВУЗ**

«Қазтұтынуодағы Қарғантау Университеті» ЖШУ  
ЧУ «Қарағандық университет ҚАЗПОТРЕБСОУСА»

100008, Қарағандық қаласы  
Академикалық көшесі, 9

г. Қарағанды ұл Алашын елден 9  
Тел: +7 716 340 0000/3111

БИН 66034000044

Банк ЦентрКредит АҚ, Қарағандық  
АО «Банк ЦентрКредит» г. Қарағанды  
БИК КСЗБ КZ KX КБЕ 11

Тел: 44-16-34, факс: 5555  
тел: 44-16-34, факс: 5555

Университет ректоры  
з.ғ.д. профессор  
Е.Б.Айбағамбетов

Ректор университета  
д.ғ.д. профессор  
С.С.Аманжолбаев

(қолы) (подпись)

**М.О.  
М.П.**

4.1 Осы Шартты орындау үдерісінде туындайтын мәліметтердің шектеулерінде, өзара қолыбыз меморандерді іздестіру мақсатында шарттар тікелей шектелі

4.2 Шарттардың келіссөздер жолымен шешілмеген мәселелер, өзара қолыбыз меморандерге келуі, Қазақстан Республикасының заңнамасына заңнамасына сәйкес шешіледі

**5. ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ, ШАРТ ТАЛАПАТТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БУЗУ ТӨРТІБІ**

5.1 Адамның шарт шарттарды оған қол қойған күнінен бастап күшіне енгіз және 20 \_\_\_\_\_ ж.

« \_\_\_\_\_ » дейін қолданылады

